

| | | | | | | |
|----------------------------------|---|---|---|--|---|--|
| пәні | орыс сыныптарындағы қазақ тілі | 5 - сынып | | | | |
| Тақырыбы | Қадыр атамыздың балаларға базарлығы | | | | | |
| Мақсаты | Оқушыларға Қ. Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдерін таныстыру, мазмұны мен тақырыптары туралы қазақ тілінде жеткізе білуі, мәнерлеп оқуға үйрету, өлең оқуға деген қызығушылығын ояту, сөздік қорын арттыру | | | | | |
| Күтілетін нәтиже | Ақынның өлеңдерімен танысып, мәнерлеп оқуға, қазақ тілінде мазмұнын, тақырыбын мүмкіндігінше айта білуге үйренеді, өлең оқуға деген қызығушылығы артып, сөздік қорын жаңа сөздермен арттырады. | | | | | |
| Түйінді идеялар | Қ.Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдерін таныстыру арқылы ұқыптылыққа, білімді болуға, кішіпейілділікке, Отанын, қазақ тілін құрметтей білуге тәрбиелеу. | | | | | |
| сабақтың формасы | топтық жұмыс, жеке жеке жұмыс | | | | | |
| сабақтың әдісі | синквейн, ой қозғау, мәнерлеп оқу, Сократ әдісі, диалог | | | | | |
| Ойлау деңгейі (Блум б-ша) | мақсаты | Түрткі (тапсырма, сұрақ, ресурс) | нәтиже | бағалау | мұғалімнің іс-әрекеті | оқушының іс-әрекеті |
| Білу | Сабақтың тақырыбын анықтау. | Сұрақтарға жауап беру арқылы жасырын суретті құрастыру. Сұрақтар: 1.Қазір жылдың қай мезгілі? 2.Көктем айларын ата. 3.Көктемнің қазір қай айы? 4.Наурыздың бүгін нешінші күні? | Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы жасырын суретті құрастырады. сабақтың Қ.Мырза Әлі туралы екендігін анықтайды. | Формативті бағалау. ★ қателеспей, тез жауап берген топқа беріледі □ жауабы толық, түсінікті болса. △ аздаған қателері бар, жеткізуі толық емес топқа қазақ тілінде түсініп, жеткізуі нашар болса. | оқушылармен амандасып, сыныптың ахуалын байқау. Топқа бөлу. Бағалаудың критерияларын түсіндіру. | сабаққа дайындалады. Кезекші жоқ оқушыларды айтады. Топқа бөлінеді. |
| Түсіну | Өлеңдерінің мазмұны мен тақырыптары н түсіну, қазақ тілінде жеткізуі. | Ақынның өлеңдерін жатқа айту, мәнерлеп оқу. Қазақ тілінде мазмұнын айтып бер. | Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, жатқа айта алады. | Критериалды бағалау Топты бағалау ★ өлеңді жатқа, түсінікті етіп айтып берсе; □ өлеңді мәнерлеп, түсінікті етіп оқып бере алса; △ өлеңді мәнерлеп оқи алмаса, дыбыстарды дұрыс дыбыстай алмаса; | Әр топ атынан шыққан оқушы үшін берілген баға, топтың да қоржынына түседі. | Өзара екі топ бір-бірін бағалайды. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтады. |

| | | | | | | |
|-----------------|--|---|---|--|---|---|
| Қолдану | Сөздік қорын молайту, қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдысын арттыру. | Қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі сөздерді аудармасына сай сәйкестендіріп, дұрыс айту, мағынасын түсіндіру. | Жаңа сөздердің дұрыс айтылу емлесін меңгереді, мағынасын түсіндіреді. | Критериалды бағалау. Сөздерді дұрыс сәйкестендіріп, мағынасын ашып бере алса – 3 ұпай Сөздерді дұрыс сәйкестендіріп, мағынасын толық аша алмаса – 2 ұпай Сөздерді дұрыс сәйкестендіріп, қатесіз оқып берсе – 1 ұпай | Бағалау критерилерін түсіндіру, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | Бағалау критерилерімен танысып, сөздіктегі сөздерді дұрыс аудармасымен сәйкестендіреді |
| Талдау | Ойлау шапшаңдығын дамыту. | Сандарды әріптерге ауыстырып, тез жинап, ақынның өлеңінің бір шумағын оқы. | Сандарды әріптерге ауыстырып, өлеңнің бір шумағын оқып береді. | ☆ сандарды тез, қатесіз әріптерге ауыстырып, өлеңнің бір шумағын мәнерлеп оқып берсе; □ сандарды әріптерге тез ауыстырып, аздаған қателері болса; △ сандарды әріптерге ауыстырып, аздаған қателері болып, ең соңғы болып жинаса; | Әліпбидегі әріптер мен ретін беру, естеріне түсіруіне мүмкіншілік жасау. Тапсырманы орындауға берген уақытты қадағалау. | Топта бірлесіп, сандарды әріптерге ауыстырып, ақынның бір шумақ өлеңін оқиды. |
| Жинақтау | тақырыпты бекіту, білімдерін жинақтау. | Тренинг өткізу. Сабақ барысында оқылған өлеңдердің тақырыптарын есте сақтау үшін өлеңнің аттарын жатқа жазу. Мұғалім: Өзі тоңғақ бала, қыс мезгілі туралы өлең қалай аталады, кім оқыды? (тақырыбы мен оқушының атын жаз) | Сабақ барысында жатқа, мәнерлеп оқылған өлеңдерді естеріне түсіріп, сұрақ бойынша тақырыбы мен оқыған оқушының атын рет-ретімен жазады. | Критериалды бағалау. Егер өлеңнің тақырыбы мен оқушының аты-жөнінен қателеспесе – 3 ұпай Егер өлеңнен қателеспей, тек оқушының атынан қателесе – 2 ұпай Егер өлеңнің атынан қателеспей, оқушыдан қателесе – 1 ұпай. | Сабақта оқылған өлеңдердің тақырыптарын есте сақтау үшін, оның аталуын пысықтау үшін жетелеуші сұрақтар оқиды. | Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ барысында оқылған өлеңдердің атауларын жазып береді. |
| Бағалау | сабақты, өз нәтижесін бағалау | Өзіне ұнаған өлең мен өлең оқуы ұнаған оқушының атын | Сабақ барысында өзіне ұнаған өлеңі мен | Формативті бағалау. | Үйге тапсырма: Қ.Мырза Әлінің | сабақты формативті бағалайды. |

| | | | | | | |
|------------------|--|-------------------------|-------------------------|--|---------------------------------|--|
| | | стикерге жазып қалдыру. | өлең оқушыны анықтайды. | | өлеңдері туралы шағын эссе жазу | |
| Рефлексия | | | | | | |

Бағалау парағы

| | | | | |
|-------------------|-----------------------|----------|------------|-------|
| оқушының аты-жөні | Б.Блум бой-ша деңгейі | критерий | дискриптор | ұпайы |
|-------------------|-----------------------|----------|------------|-------|

| | | | | |
|--|----------|--|--|---------------------|
| | білу | Сұрақтарға жауап беру арқылы жасырын суретті құрастыру. | формативті бағаланады. (топты бағалау) | |
| | түсіну | Ақынның өлеңдерін жатқа айту, мәнерлеп оқу. Қазақ тілінде мазмұнын айтып бер | критериалды бағалау (оқушыны бағалау) ☆ - 3 ұпай, □ - 2 ұпай, △ - 1 ұпай | |
| | қолдану | Қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі сөздерді аудармасына сай сәйкестендіріп, дұрыс айту, мағынасын түсіндіру | Критериалды бағалау (оқушыны бағалау) | |
| | талдау | Сандарды әріптерге ауыстырып, тез жинап, ақынның өлеңінің бір шумағын оқы. | Формативті бағалау (оқушыны бағалау) | |
| | жинақтау | Өлеңнің тақырыбы мен оқыған оқушының атын тап. | Критериалды бағалау (оқушыны бағалау) | |
| | бағалау | Өзіңе ұнаған өлең мен жатқа не мәнерлеп оқығаны ұнаған оқушының атын жазып бер. | Формативті бағалау (сабақты бағалау) | |
| | | | | жалпы ұпай саны: |